

Г.К. Нурғалиева^{*1}, К.А. Қутпанова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Нархоз Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

*E-mail: Zolota08@mail.ru

АУТСОРСИНГ – БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ІШКІ АУДИТТИ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ

Әлемдік экономиканың жаһандануы және халықаралық капитал нарығын құру Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға енуінде басты жаңа элементтерді, ХҚЕС на есеппен есептілік жүйесінде бухгалтерлік қызметтер көрсететін фирмалардың – аутсорсерлардың құрылуын талап етті. Аутсорсинг әкімшілік шығыстарды біршама төмендетуге мүмкіндік береді, осылайша бухгалтерлік есеп және ішкі аудит аутсорсингін қолданатын ұйымның пайдасы ұлғаяды. Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту және жаһандық экономиканың ағымдағы рецессия әсерін ескере отырып, шығындарды қысқарту стратегиялық мақсаттарға жету тәсілі ретінде қарастырылады, өйткені бүкіл әлем гүлденуіне компания қызметтерін аутсорсингті жетілдіру клиенттердің үміттерін қанағаттандыру, сондай-ақ компания тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру.

Бұл мақалада компанияның бухгалтерлік есеп саласындағы кәсіби қызметтерін және IT қолдану есепке аутсорсинг ағымдағы мәселелерін ұсыну бағытталған. Келесі аспектілері талданды: аутсорсинг тұжырымдамасын басқару аутсорсинг және BPO (яғни, Аутсорсинг бизнес процесі), артықшылықтары, кемшіліктері және аутсорсинг тәуекелдері. Сонымен қатар, қаржы аутсорсинг процесін – компания бухгалтерлік есебінде қолдану және талдау жасалды.

Түйін сөздер: аутсорсинг, BPO, Cloud Computing.

G.K. Nurgalieva, K.A. Kutanova

Outsourcing – as system of the organization of the accounting account and internal audit

Globalization of world economy and the entry of the Republic Kazakhstan in the international market of the equity, creation of market system of accounting and the reporting and transition to IFRS demanded creation of new elements of market economy – firms on rendering accounting services – outsourcers. Outsourcing allows to lower considerably administrative expenses, that most increasing profit of the organization using outsourcing accounting accounting and internal audit. Taking into account both the development of information and communication technology and the effects of the current recession on global economy, outsourcing company services has been booming all over the world as it is regarded as a way to meet the strategic goals of cutting costs, improving the satisfaction of the clients' expectations, and of increasing company efficiency and effectiveness.

The paper aims at presenting the current issues of outsourcing accounting professional services and IT support of the company accounting. We have analysed aspects referring to the concept of outsourcing, outsourcing management, and BPO (i.e., Business Process Outsourcing). The advantages, disadvantages, and risks of outsourcing have been pointed out. In addition, the process of outsourcing financial – accounting in support of company accounting have analysed.

Key words: outsourcing, BPO, Cloud Computing.

Г.К. Нургалиева, К.А. Кутпанова

Аутсорсинг как система организации бухгалтерского учета и внутреннего аудита

Глобализация мировой экономики и вступление Республики Казахстан в международный рынок капитала, создание рыночной системы учета и отчетности и переход на МСФО потребовали создания новых элементов рыночной экономики – фирм по оказанию бухгалтерских услуг – аутсорсеров. Аутсорсинг позволяет значительно снизить административные расходы, тем самым увеличивая прибыль организации, пользующейся аутсорсингом бухгалтерского учета и внутреннего аудита. Принимая во внимание развитие информационных и коммуникационных технологий и последствия нынешнего кризиса на мировую экономику, аутсорсинг бухгалтерского учета компании рассматривается как способ удовлетворения стратегических целей сокращения расходов, улучшения, удовлетворения ожиданий клиентов и повышения эффективности компании. В статье с целью представить актуальные вопросы бухгалтерского учета рассматриваются аутсорсинг профессиональных услуг и ИТ-поддержки бухгалтерского учета компании. Были проанализированы аспекты, относящиеся к концепции аутсорсинга, аутсорсинг управления и ВРО (т.е., аутсорсинг бизнес-процессов). Преимущества, недостатки и риски аутсорсинга были также отмечены. Кроме того, проанализирован процесс аутсорсинга финансово-бухгалтерского учета в поддержку учета компании.

Ключевые слова: аутсорсинг, ВРО, множественные вычисления.

Кіріспе

«Аутсорсинг» термині екі сөзден құралған: out – «сыртқы» және resourcing – «ресурстармен қамтамасыз ету». Аутсорсинг – бұл ішкі бизнес-функциялар мен процестерді сәйкес активтермен белгілі бір келісілген бағамен бекітілген уақыт аралығында қызметтерін ұсынатын сыртқы жабдықтаушылар мен провайдерлерге беру.

Есеп жүйесін аутсорсингке беру процесінде шығындар азайып, есеп үрдісін жүргізу тиімділігі артады. Мұның себебі, нақты қызмет көрсетуге маманданған аутсорсер, есеп жүргізудің апробацияланған технологиясын қолданады және оларды тиімді, әрі тез актуализациялаудың механизмін меңгерген.

ҚР хұқықтық базасында аутсорсингтің есепті жүргізудің тиімділігін арттыру мен шығындарды азайтудың әдісі ретіндегі экономикалық маңызы қарастырылмаған. Бухгалтерлік есептің тиімділігін жоғарылату құралдарын, әдістері мен әдістемелерін дамытудағы маңызды міндеті болып саналады. Бүгінде бухгалтерлік есептің аутсорсингі мәніне арналған әдебиеттер аз ғана, олар көбінесе ақпараттық және жарнамалық сипатта ғана.

Соңғы кездері «бизнес-процес аутсорсингі» (business process outsourcing, ВРО) түсінігі анықтамасына бағытталған ғылыми қадамдар соңғы кездері қызметтің қаржы, бухгалтерлік есеп сфераларында пайда бола бастады. Аутсорсинг қатаң бәсекелестік жағдайындағы тиімділігі жоғары және бәсекеқабілеттілігі жоғары ұйымдарды құрудағы заманауи әдістеме екендігі анықталды.

С.О. Каледжян аутсорсингті белгілі тапсырмаларды қызметтер мен міндеттерді орындаушылардан гөрі тиімді орындауға қабілетті компонентті мамандармен фирмаларға тапсыру деп атап көрсетеді. Қызметтерді басқа біреуге беруге, табыстауға деген қажеттіліктің артуы жаңа технологиялармен жоғары мамандандырылған мамандарды тартумен, сыртқы ортаның өзгерісіне жедел әрекет етуімен түсіндіріледі.

Акционерлік капиталдағы үлесті өз клиенті мүддесі үшін әрекет етуді көрсету деп қарастыруға болады. Басқаша айтқанда, егер клиент жабдықтаушының акционерлік капиталынан үлеске ие болса, онда бұл қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралы болып табылады. Аутсорсинг туралы аздаған, жүйеленбеген жалпы мәліметтерді қорытындылай келе, оларды бухгалтерлік қызметке бейімдей отырып, бухгалтерлік қызметтің аутсорсингі – бухгалтерлік есептің немесе оны жүргізудің жекелеген операцияларының үрдісін басқа біреуге, яғни белгілі бір келісілген бағамен бекітілген уақыт аралығында қызметтерін ұсынатын сыртқы жабдықтаушылар мен провайдерлерге беру.

Жалпы бухгалтерлік еепті және есептілікті ұйымдастыру схемасын төмендегідей сипаттауға болады: субъектінің бизнес қызметінің шарттарына байланысты бухгалтерлік есепті жүргізу мен есептің алғашқы құжаттарын құрудың бір бөлігін тікелей сол кәсіпорында бухгалтерлік қызмет көрсетуші ұйымның жетекшілігімен жүзеге асыруға болады.

Есептің алғашқы құжаттарын толтырған соң есептік кезеңдегі шағын кәсіпорынның қызметі туралы ақпаратты өңдеумен есепті-

лікті қалыптастыру үшін арнайы мамандандырылған ұйымға жіберіледі, содан соң құжаттар кешенімен бірге кәсіпорынға басқарушылық шешім қабылдау мен мұрағатқа жіберу үшін талдамалық жұмыстарға қайтарылады.

Аутсорсинг – ұйымға қажетті басқару функцияларын, қажет болған жағдайда сәйкес ресурстарды сыртқы орындаушыларға ұзақ мерзімге беру, мұнда аутсорсингтің негізгі шарттарының бірі ретінде басқаруды табыстау әдісі – өкілеттілік пен жауапкершілікті табыстау қарастырылады.

С.О. Каледжян: Аутсорсинг – стратегиялық шешімге негізделген ұйымның басқару қызметін немесе бизнес-процесін толығымен немесе бір бөлігін экономикалық тиімділігін жоғарылату мақсатында сыртқы орындаушыларға контракт негізінде ұзақ мерзімге беру, ұйымдар бәсекеқабілетті болу үшін шығындарды төмендету мен қызмет көрсету сапасын жақсартуға мәжбүр деп атап көрсеткен [1].

Бизнес – процесс аутсорсингі – IT-ресурстарды және үрдістерді автоматтандыруды талап ететін бір немесе бірнеше бизнес-процестерді сыртқы жабдықтаушыға беру, ол өз кезегінде бұл үрдістерді басқарады, әкімшілік жұмыстарды атқарады деп А.А. Мхитарян, М.С. Селина қорытындылаған [2,3].

Бәсекелестік бизнес – процестердің тиімділігін арттырып, шығындарын азайтады, бұл процестердің бір бөлігін «бөтен қолдарға» беру арқылы аутсорсингті пайдаланса мүмкін болады..... Э. Абрамов [4].

Аутсорсинг ұйымның негізгі қызметі болып табылатын бөлігіндегі барлық ресурстарды жинақтау және барлық немесе қолдаушы қызметтерді кәсіби мамандарға беру дегенді білдіреді. Аутсорсинг деп ақылы негізде профильдік емес немесе ілеспе қызметтерді кәсіби мамандарға беру деп Дж. Брайан Хей айтқан.

Аутсорсинг – кәсіпорынның ішкі немесе бөлімшелерін және олармен байланысты активтерді белгілі бір қызметтерді белгілі бір уақытта белгілі бір сомаға көрсететін қызмет жабдықтаушыларына беру.

Эксперименталды бөлім. Аутсорсинг құндылықтарды өсіруді, жауапкершілікті, соның ішінде қолданбалы бағдарламаларды жасауды басқа ұйымдарға беру дегенді білдіреді:

– максималды немесе толық аутсорсинг, қызметкерлер штаты, активтермен ақпараттық тех-

нологиялар немесе қаржы, контракттың қызмет ету мерзіміне берілу мүмкін;

– жартылай немесе таңдамалы аутсорсинг – қызметтердің басым бөлігі клиенттің өзінің басшылығында болуы туралы келісім;

– бірлескен аутсорсинг – екі ақ серіктестіктер болып табылады;

– аралық аутсорсинг – ұйым өз жүйелерін және платформаларын басқаруды үшінші жаққа береді;

– трансформациялық аутсорсинг Ф.Н. Филина [6];

– бірлескен кәсіпорындар аутсорсингі – болашақ іскерлік мүмкіндіктерді пайдалану үшін жаңа компания құру.

Бухгалтерлік есеп аутсорсингі – бухгалтерлік есептің қызметтерімен жүргізу үрдістерін немесе есептің жекелеген учаскелерін (еңбекақы есебін, негізгі құралдар есебін, банктік операциялар есебін), кейде сәйкес активтермен белгілі бір кезеңге есеп бойынша нақты қызметті келісілген бағалар бойынша, есеп жүргізудің белгілі бір сапасына кепілдік беретін және есеп жүргізу бойынша тәуекелді өзіне және тапсырыс берушіге бөлетін сыртқы жабдықтаушыға немесе провайдерге табыстау.

Келісім-шартта өткізілетін өнім мен көрсетілетін қызметтің құнына негізделетін және қолда бар қаржы ресурстарын рационалды пайдалануға, кәсіпкерлік қызметті дамыту қажеттіліктеріне жұмсауға мүмкіндік беретін қаржы-шаруашылық қызметін талдау да қарастырылуы мүмкін.

Нәтижелер мен талқылаулар. Компания қызметінің тиімділігін жоғарылатуда жаңа қымбат бағалы технологияларға, оның ішінде ақпараттық технологияларға ірі қосымша инвестициялар салмай-ақ, артықшылығы басым бағыттарға назар аударуы қажет, бұлар қазақстандық компанияларға әлемдік нарыққа шығуды жеңілдетеді, себебі олар көп жағдайда аталмыш нарықта бәсекелесуге қауқарлары жетпейді және өз бизнестерін дамытуға батыстың фирмаларының зерттеушілік құралдарын пайдалана алады.

Бухгалтерлік есеп аутсорсингін қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері 1-кестеде келтірілген. Аутсорсингті пайдалануды шектеуші негізгі себептердің бірі, 1-кестеге сәйкес, маңызды ақпараттың жайылу қаупі. Бұл мәселенің шешімі – мәртебелі беделі бар, тәжірибелі және серіктестерден оң пікір алған, жұмыстың кең спектрін атқара алатын орындаушыны таңдау.

1-кесте – Бухгалтерлік қызметті көрсететін ұйымның келіп-кетуші және штаттағы бухгалтермен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары		
Аутсорсинг фирмасы	Штаттағы бухгалтер	Келіп-кетуші бухгалтер
1. Жабдықталған жұмыс орны 2. Қызмет құны шығындарға жатады, ҚҚС шегерімге жатқызылады 3. Есеп фирманың басқа да мамандарының қолдауымен жүргізіледі (заңгер, аудиторлар) 4. Есепті жүргізетін маманды бөлім бастығы мен аудитордың тексеруі қарастырылады (ішкі бақылау) 5. Заңнаманың өзгерісіне жедел бағыну 6. Келісім-шартқа сәйкес қызметін сапасыз орындауда тапсырыс берушінің алдында жауапкершілікте 7. Шұғыл сұрақтарды жедел шешу 8. Маманның фирмаға бару мүмкіндігі 9. Бухгалтерлік және хұқықтық бағдарламалардың заманауи пакеттерін меңгеру 10. Міндеттерді минималды уақытта орындауға қызығушылық	1. Әрдайым жұмыс орнында 2. Фирманың дамуы мен гүлденуіне деген қызығушылық 3. Шұғыл мәселелерді жедел шешу	1. Құны аздаған 2. Жабдықталған жұмыс орны қажет емес (есепті үйінде жүргізгенде)
Кемшіліктері		
1. Есепті жүргізуші маманмен көбінесе телефон арқылы ғана байланысу 2. Ақпараттың жайылу қаупі	1. Жабдықталған жұмыс орнына деген қажеттілік 2. Бухгалтерлік және хұқықтық бағдарламалардың заманауи пакеттерін алу қажеттілігі 3. Маманданған қызметкердің еңбекақысының жоғары болуы 4. Штаттағы маманның еңбекақысы бойынша сақтандыру төлемдерінен салық базасының көбеюі 5. Қызметкердің біліктілігін үнемі жоғарылатумен байланысты қосымша шығындар 6. Жауапкершілігі заңға сәйкес шектеулі	1. Әдетте, бірнеше ұйымның есебін жүргізуі (сіздің бәсекелестеріңіздің де) 2. Фирманың дамуы мен гүлденуіне деген қызығушылықтың болмауы 3. Алғашқы құжаттармен шаруашылық операцияларының, фирманың жалпы қызметін сапалы талдауға қажетті уақыттың болмауы 4. Қызметтің сапалы орындалуына бақылаудың жоқтығы (әдетте сапасыз қызметі үшін жауап бермейді) 5. Шұғыл сұрақтарды жедел шешудің қиындықтары
Ескерпе – [12] әдебиет көзіне сәйкес жасалған		

Қорытынды

Көптеген қазақстандық эксперттер, сарапшылар Қазақстанда аутсорсинг нарығы әзірге жақсы дамымағандығын айтады. Жергілікті тұтынушылардың арасында әлде де әр түрлі сервис

көрсететін компанияларға сенімсіздігі басым. Аутсорсингтік қызмет провайдерлерінің негізгі клиенттері шетелдік компаниялар болып табылады. Олар бизнестің бұл түрімен жақсы таныс және нақты жағдайларда жұмысты оңтайландыру үшін оның артықшылықтарын жеңіл бағалай алады. Спи-

кердің пікірі бойынша шетелдік компаниялар тарапынан сұраныс оның өсімін ынталандырады. Кедендік одақтың құрылуы Қазақстанның қызмет нарығына кейбір ресейлік компаниялар шығуда, осыған орай бәсекелестік біраз дамыды.

Қазақстандық эксперттер, сарапшылардың болжамы бойынша консалтинг, аутсорсинг-

тің дамуы бизнестің жалпы мәдениетімен бірге өседі, компаниялардың арасындағы сенімділік, партнерлардың тәртібі мен кәсіби біліктілігіне сенеді. Бұл, компания жетекшілері тәжірибеде аутсорсингтің тиімділігіне көз жеткізу арқылы өз бизнесінің бөлігін өзге білікті мамандарға табыстайды дегенді білдіреді.

Әдебиеттер

- 1 ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы, 28 ақпан 2007 ж. № 234-III
- 2 Аксенов Б. Учет и контроль в новой корпоративной реальности // «РЖД-Партнер». – 2007. – № 8. – С. 11–14.
- 3 Алдерс Р. ИТ-аутсорсинг – практическое руководство: пер. с англ. – М.: Альпина БизнесБук, 2004.
- 4 Аудит и налогообложение. – 2002. – № 1. – С. 114–120.
- 5 Аутсорсинг как инструмент эффективного управления. Аутсорсинг транспортных функций/ Реформы в России и проблемы управления 2005: Материалы 20-ой Всероссийской научной конференции молодых ученых и студентов. Вып. 3/ ГУУ. – М., 2005 – 0,2 п.л.
- 6 Аутсорсинг: плюсы и минусы. // 29.11.2004, Computerworld. – №44. – 2004.
- 7 Балабанов В.С., Лясников Н.В., Шеметов В.В. Исследование систем управления: учебное пособие. – М.: РАП, 2004. – 124 с.

References

- 1 ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы, 28 ақпан 2007 ж. № 234-III
- 2 Akse nov B. Uchet i kontrol' v novoj korporativnoj real'nosti // «RZhD-Partner». – 2007. – № 8. – С. 11–14.
- 3 Alders R. IT-outsorsing – prakticheskoe rukovodstvo: per. s angl. – М.: Al'pina BiznesBuk, 2004.
- 4 Audit i nalogooblozhenie. – 2002. – № 1. – С. 114–120.
- 5 Outsorsing kak instrument jeffektivnogo upravlenija. Outsorsing transportnyh funkcij/ Reformy v Rossii i problemy upravlenija 2005: Materialy 20-oj Vserossijskoj nauchnoj konferencii molodyh uchenyh i studentov. Vyp. 3/ GUU. – М., 2005 – 0,2 p.l.
- 6 Outsorsing: pljusy i minusy. // 29.11.2004, Computerworld. – №44. – 2004.
- 7 Balabanov B.C., Ljasnikov N.V., Shemetov V.V. Issledovanie sistem upravlenija: uchebnoe posobie. – М.: RAP, 2004. – 124 s.